

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2024 жылғы 19 сәуірдегі № 151/13 "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында тұрғын-үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидаларын айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2026 жылғы 29 сәуірдегі № 482/31 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 сәуірде № 38592 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында тұрғын-үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидаларын айқындау туралы" 2024 жылғы 19 сәуірдегі № 151/13 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7750-15 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді әділет органдарда мемлекеттік тіркеуін, оның ресми жариялануын;
- 2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін оны Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихаты аппаратының интернет - ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының әлеуметтік қорғау, халықтың денсаулығын сақтау, білім беру, мәдениет және жастар мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша
ауданы мәслихатының төрағасы*

С. Бекшенов

Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы мәслихатының
2026 жылғы 29 сәуірдегі
№ 482/31 Шешімге
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы мәслихатының

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен қағидалары

1 бөлім. Жалпы бөлім

1. Тұрғын үй көмегі Қазақстан Республикасының аумағында жалғыз тұрғын үй ретінде меншік құқығында тұрған тұрғын үйде тұрақты тіркелген, Тайынша ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) (бұдан қызмет алушы), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға) жергілікті бюджет қаражаты есебінен:

ағымдағы және жинақтаушы жарналар;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушылардың тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың жиыны ретінде айқындалады.

2. Тұрғын үй көмегінің тағайындалуы "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі-қызмет беруші) көрсетіледі.

2 бөлім. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі

3. Қызмет алушының жиынтық табысын қызмет беруші Қазақстан Республикасы өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 "Тұрғын үй көмегін ұсыну қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33763 болып тіркелген) сәйкес есептеледі.

4. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған

тұрғынжайды пайдаланғаны үшін, шығыстарды төлеу сомасы мен қызмет алушының осы мақсаттарға жұмсайтын белгілеген шекті жол берілетін шығыстарының 5 (бес) пайыз мөлшерінде деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегінің мөлшері қызмет берушімен Қағидалардың 4-1 тармағына сәйкес есептеледі.

5. Қызмет алушы (не сенімхатқа, заңнамаға, сот шешіміне немесе әкімшілік актісіне негізделген өкілеттік бойынша оның өкілі) тоқсанына бір рет Мемлекеттік корпорацияға немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталына тұрғын үй көмегін тағайындау үшін жүгінеді.

Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау мерзімі немесе Мемлекеттік корпорациядан құжаттардың толық жиынтығын қабылдаған күннен бастап немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы бас тарту туралы дәлелді жауап 6 (алты) жұмыс күнін құрайды.

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау толық ағымдағы тоқсанға жүргізіледі, бұл ретте көрсетілетін қызметті алушының жиынтық табысы және коммуналдық қызметтерге арналған шығыстар өткен тоқсан үшін есепке алынады.

7. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде шығыстар сметасына және қызмет алушыға бюджет қаражаты есебінен коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған шоттарға сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге берілетін ай сайынғы жарналар туралы өнім берушілер ұсынған шоттар бойынша көрсетіледі.

8. Қызмет алушыға тұрғын үй көмегін тағайындау тиісті қаржы жылына арналған аудандық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады

9. Қызмет алушыға тұрғын үй көмегін төлеуді қызмет беруші екінші деңгейдегі банктер арқылы есептелген сомаларды қызмет алушылардың жеке шоттарына аудару жолымен жүзеге асырады.